

*О.Досбосынов атындағы ақындар
орталығының атқарыған
жұмыстары есебі*



Еліміздегі алғашқы жоғары білім ордасы - Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің бүгінгі таңда еңсесі биік. Университет алғаш құрылған кезден бастап күні бүгінге дейін басынан сан алуан тарихты өткізе отырып, қоғам өмірінің барлық салалары үшін білікті маман даярлауда еліміздегі жоғары білім беру жүйесінің көшін бастап келеді. Қарашаңырақтан түлеп ұшқан даңқты түлектерінің бірі, айтыс ақтаңгері – Оразалы Досбосынов. Университет ішінде ақын есімі берілген орталықтың ашылуы – университет түлегіне деген ерекше құрметтің айғағы болып табылады.

Атқарылған жұмыстар

«Менің пірім – Сүйінбай» атты VI республикалық жас ақындар айтысы ұйымдастырылды;

Университет ректоры Т.Балықбаев және Ж.Ерман бастаған ақындар орталықтың жұмысымен танысты.

Белгілі айтыскер ақын Ринат Зайытовпен шеберлік сыныбы өтті.

Хәкім Абайдың 175 жылдығы аясында Абай Құнанбаевтың ескерткішіне гүл қойылды;

Жамбыл Жабаев атамыздың туған күні қарсаңында ескерткішіне гүл қойып, ақынға арнап өлең оқылды;

Республикалық «Қазығұрт» әдеби журналы әдебиет бөлімінің тілшісі, жас ақын Сүндет Сейітовпен шеберлік сыныбы өтті;

О.Досбосынов атындағы орталықтың мүшесі мүшесі Бағжан Бақбергенұлының «Тағылым тамшылары» атты кітабының тұсаукесер кеші өтті;

«Өлең сөздің патшасы...» атты онлайн поэзия кеші өтті.

«Ақын Абай Қалшабекпен онлайн кездесу өтті.

Орталық жастары арасында онлайн жазба айтыс өтті.

«Тұлғадан тәлім айдары» айдары бойынша белгілі айтыскер ақын Айбек Қалиевпен онлайн кездесу өтті.

«Тұлғадан тәлім айдары» айдары бойынша белгілі айтыскер ақын Еркебұлан Қайназаровтың шеберлік сыныбы өтті.

«Менің пірім – Сүйінбай» атты VI республикалық жас ақындар айтысы ұйымдастырылды;

«Кім қандай кітап оқып жатыр?» айдары бойында онлайн пікір алмасу болды.

«Көктем ғұмыр» атты университет жастарының жыр жинағы жарық көрді.

Оқырмандар конференциясы айдары (көркем шығарма талдау) апта сайын белгілі бір қаламгердің шығармашылығы талданып отырады.

Қазақ Ұлттық Өнер университеті айтыскерлерімен Абай атындағы ҚазҰПУ айтыскерлері арасында онлайн айтыс өтті.

Қазақ айтысының жарық жұлдызы О.Досбосыновтың көп томдық шығармалар жинағы жинақталуда.

«Ақынмын сөзі жетер сан ғасырға...» қалалық онлайн студенттер айтысы өттіздік.

Хәкім Абайдың 175 жылдығы аясында төл өнерімізді жаңғырту, айтыс өнерін кеңінен насихаттау, жас ақындардың суырып салмалық қабілеттерін шыңдау мақсатында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде «Менің пірім – Сүйінбай» атты V I республикалық жас ақындар айтысы ұйымдастырылып, дүбірлі додаға еліміздің 25 жоғары оқу орынан 60 жас айтыскер ақын қатысты.

**14-15
ақпан**



МЕНІҢ ПІРИМ

СҮЙІМБАЙ

ЖАС АҚЫНДАР АЙТЫСЫ

МЕНІҢ
ПІРИМ • СҮЙІМБАЙ



Өнер додасына түскен жас ақындардың айтысын Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» және «Құрмет» ордендерінің иегері, «Айтыс ақындары мен жыршы-термешілер халықаралық одағы» басқармасының төрағасы Жүрсін Ерман бастаған айтыс өнерінің саңлақтары қазылық етті. Қазылар құрамында Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, халықаралық, республикалық айтыстардың жүлдегері, ақын Серік Қалиев, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Ұлағат» баспасының директоры Манарбек Избасар, «Қазақ радиолары» ЖШС Алматы студиясының жетекшісі, айтыскер ақын Бақыт Жағыпарұлы, Қазақ ұлттық өнер университеті «Айтыс» кафедрасының меңгерушісі, айтыскер ақын Еркебұлан Қайназаров болды.



Айтыс қорытындысы бойынша III орынды Қайнар академиясы атынан қатысқан жас ақын Сауытбек Расул жеңіп алып, 100 000 теңге көлеміндегі сертификат пен арнайы дипломға ие болды. II жүлделі орынды университетіміздің студенті Айбын Жәмәли жеңіп алып, 150 000 теңге көлеміндегі сертификат пен арнайы дипломға ие болды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті Нұрбол Жауынбай I орын жеңімпазы атанып, оған 200 000 теңге көлеміндегі сертификат пен арнайы диплом табысталды.

Бас жүлдені Қазақ ұлттық өнер университетінің студенті Ниязбеков Аян жеңіп алып, 350 000 теңгелік сертификат пен арнайы дипломға ие болды.



Университет ректоры Т.Балықбаев және Ж.Ерман бастаған ақындар орталықтың жұмысымен танысты



Жамбыл Жабает атамыздың туған күні қарсаңында О.Досбосынов орталығының мүшелері Жамбыл ескерткішіне барып гүл қойды.



Республикалық «Қазығұрт» әдеби журналы әдебиет бөлімінің тілшісі, облыстық «Шам» жас ақындар орталығының төрағасы, Шымкент қаласы Ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» қызметкері, «Тәубе» жыр жинағы мен «Шыназ» электронды кітабының авторы, Республикалық Мұқағали Мақатаев атындағы жыр мүшәйрасының үш дүркін жүлдегері, жас ақын Сүндет Сейітовпен шеберлік сыныбы өтті.




Белгілі айтыскер ақын Ринат Зайытовтың шеберлік сыныбы.




О.Досбосынов атындағы орталығындағы бала ақын Бағжан Бақбергенұлының «Тағылым тамшылары» атты кітабының тұсаукесер кеші





Ақынмен онлайн кездесу өтті

О.Досбосынов атындағы ақындар орталығындағы әдебиет сүйер студенттер мамыр айынан бастап zoom желісі арқылы белгілі ақындармен және өнер майталмандарымен онлайн кездесу өткізуді қолға алды. Осы апта белгілі ақын, ғалым, аудармашы Абай Қалшабек пен кездесті. Ақын – Ұлы ақын, философ Абай шығармашылығына және ақын, педагог, аудармашы қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов мұрасына кеңінен тоқталды. Осы орайда Абайдың «Қолымды мезгілінен кеш сермедім», «Жүрегіме қарасам , инедейін таза емес» дегендейін өзі туралы өткір сындары еске түседі.



Онлайн айтыс өтті

Қазанның 16-күні Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетіндегі О.Досбосынов атындағы ақындар орталығының айтыскерлері Астана қаласындағы Қазақ Ұлттық Өнер университетінің ақындарымен онлайн айтысты. Аталған аламанда О.Досбосынов атындағы ақындар орталығынан Данияр Нысанғалиев, Алтынтай Қанапия, Жұлдыз Керімбаева, Бекжан Базарбек Қазақ Ұлттық Өнер университетінен Ғалым Ерінбек, Жаңажол Мұқанов, Батыржан Кәдірбай, Мұхтар Қонарбай қатысты.

Абай атындағы ҚазҰПУда "Ақынмын сөзі жетер сан ғасырға..." қалалық онлайн студенттер айтысы өтті.

Хәкім Абайдың 175 жылдығына және Оразалы Досбосыновтың 45 жылдығына арналған аталған аламанға Алматы қаласындағы жоғарғы оқу орындарынан 10 қатысты.





*Ж.Жаббаевтың 175 жылдығына
арналған «Менің пірім-Сүйінбай»
халықаралық студенттер
айтысы*

«Менің пірім-Сүйінбай» халықаралық жас ақындар айтысына Қырғызстан, Моңғолия, Қытайдан және еліміздің әр өңірінен 20 ақын қатысты.

Айтысқа түскен жас ақындардың өнерін Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» және «Құрмет» ордендерінің иегері Жүрсін Ерман бастаған айтыс өнерінің саңлақтары қазылық етті. Қазылар құрамында Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, халықаралық, республикалық айтыстардың жүлдегері, ақын Серік Қалиев, «Айтыстың ақтаңгері», белгілі айтыскер ақын, «Құрмет» орденінің иегері Бекарыс Шойбеков, 2020 жылғы «Алтын домбыра» иегері, айтыскер Рүстем Қайыртауұлы, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Ержан Қосбармақ, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, «Халықаралық Жамбыл» қорының төрағасы Манарбек Ізбасар, Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, филология ғылымдарының докторы Темірхан Тебегенов болды.

Айтыс қорытындысы бойынша ІІ орынға Шынарбек Тұрсын (Қытай халық республикасы), Қабдолла Бейсхан (Монғолия) және Алтынай Қанапия (Абай атынадғы ҚазҰПУ) орналасып, әрбір ақын 100 000 теңге сыйақымен марапатталды.


ІІ орынды Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің студенті Нұрбол Жауынбаев пен Абай атындағы ҚазҰПУ студенті Данияр Нысанғалиев жеңіп алып, 150 000 теңге сыйақымен марапатталды.

Бішкек университетінің студенті Нұрсұлтан Малдыбаев І орын жеңімпазы атанып, оған 200 000 теңге көлеміндегі сертификат пен арнайы диплом табысталды.


Бас жүлдені әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенті Бекжан Базарбек жеңіп алып, 350 000 теңгелік сертификат пен арнайы дипломға ие болды.







*О.Досбосынов атындағы ақындар
орталығы БАҚ беттерінде*



ОРАЗАЛЫ ДОСБОСЫНОВ АТЫНДАҒЫ ЖАС АЙТЫС АҚЫНДАРЫ
ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ



БИЫЛҒЫ АЙТЫС - БАС АҚЫН АБАЙҒА АРНАЛДЫ

Алматыда студенттер арасында республикалық жас ақындар айтысы өтті

Дүбірлі дода Хәкім Абайдың 175 жылдығы мерейтойына арналды. Мақсат - төл өнерімізді жаңғырту, айтыс өнерін кеңінен насихаттау, жас ақындардың суырып салмалық қабілеттерін шыңдау. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің бастамасымен ұйымдастырылған айтыс осымен төртінші мәрте өткізіліп отыр.

«Менің пірім - Сүйінбай» деп аталған республикалық жас ақындар айтысына еліміздің барлық өңірінен 60 астам ақын бағын сынап келді. 60 ақынның сөзін таразылаған қазылар алқасы финалдық байгеге аузымен күс тістеген 18 ақынды іріктеп шығарды. Олар қазақ өнерінің асыл шыңына айналған айтысқа мемлекет тарапынан қашанда қолдау бар екенін айтады.

Өнер додасына тускен жас ақындардың айтысын Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Жүрсін Ерман бастаған айтыс өнерінің саңлақтары қазылық етті. Қазылар құрамында Мәдениет қайраткері, республикалық айтыстардың жүлдегері, ақын Серік Қалиев, Жазушылар одағының мүшесі, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Ұлағат» баспасының директоры Манарбек Ізбасар, «Қазақ радиолары» ЖШС Алматы студиясының жетекшісі, айтыскер ақын Бақыт Жағыпарұлы, Қазақ ұлттық өнер университеті «Айтыс» кафедрасының меңгеру-



шісі, айтыскер ақын Еркебұлан Қайназаров болды.

«Бұл айтысты біз жыл сайын күтіп жүреміз. Себебі айтысқа келетін жас толқынның өкілдері осы ортадан шығады. Биыл да сол үмітіміз ақталды. Тек қана өзара әзіл-қалжыңдарын айтып қоймай, қазақ қоғамында болып жатқан үлкен құбылыстарға баға беріп, ақындық көркемдік сөзбен өрнек салынды», - деді «Айтыс ақындары мен жыршы-термешілер халықаралық одағы» басқармасының төрағасы Жүрсін Ерман.

Бытыр жас ақындардың өнерін шыңдау мақсатында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде «Оразалы Досбосынов» атындағы жас айтыскер ақындардың орталығы



ашылған. Бүгінде осы орталық біраз игі істерге ұйытқы болып келеді. Соның бірі биылғы 4-ші рет өткізіліп отырған аламан дода.

«Айтыс біз үшін ерекше болатын себебі осы айтыстан жеңген жастар республикалық деңгейде үлкен өнерлерін көрсете беретін болады. Біздің университеттердің, білім беру орындардың мақсаты - бұлақ көрсең көзін аш дегендей, жас таланттардың көзін ашып, оларға мүмкіндік беру. Соны бір мысалы бүгінгі өтіп жатқан айтыс», - деді Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры Тақир Балықбаев.

Биылғы айтыстың тақырыбы - салмақты әрі ауқымы кең. Қазақтың бас ақыны - Абайға

арналды. Екі жұп айтыста бір жағынан Сүйінбайдың дәстүрін айтыс, екіншіден Абайдың ғұламалықойларын жырлады.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл айтыстың басты ерекшелігі - ақындар жұптары іріктеу сайыстарында жеребе арқылы анықтауы болды, олар шаппа-шап айтысып барып финалға өтіп отырды. Қарсыластар өте мықты, әр жақтан сайдың тасындай іріктелген мықты студенттер жиналғандығын атап өту керек.

Айтыс қорытындысы бойынша ІІІ орынды Қайнар академиясы атынан қатысқан жас ақын Сауытбек Расул жеңіп алса, ІІ жүлделі орынға университетіміздің студенті Айбын Жәмәли не болды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті Нұрбол Жауынбай І орын жеңімпазы атанса, Нұр-Сұлтан қаласынан келген Қазақ Ұлттық өнер университетінің студенті Аян Ниязбек бас жүлдені қанжығасына байлап, 350 мың теңге сыйақы алды. Енді олар 18 наурыз күні Қызылжарда өтетін республикалық ақындар айтысына қатысады.

Аламан доданың ақтық кезеңіне қатысқан 18 ақынның барлығы дерлік олжалы қайтты.

Болат ЖҰСҰПЫЛЫ.

ДОСТЫҚ КӨРМЕСІ

24 ақпан күні Абай Құнанбайұлының туғанна 175 жыл толуына орай өнер, мәдениет және спорт институтының «Жасампаз» көрме залында Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясымен бірлесіп ұйымдастырған «Білгенге маржан...» тақырыбында Абай тұлғасы бейнеленген шығармашылық көрме өтті.



Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы және Студенттер Кеңесінің «Бас» Ассамблеясының ұйымдастыруымен ғұлама, ойшыл Ұлы Абайдың 175 жылдық мерейтойына арналған «Абайдың қара сөздері-халық мұрасы» тақырыбындағы әдеби-танымдық кеш болып өтті.





БАСТЫ БЕТ > ЖАҒАЛЫҚТАР > ОНЛАЙН ЖАЗБА АЙТЫС ЖАЛҒАСУДА



13 мамы 2020 0 0

Онлайн жазба айтыс жалғасуда



Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты департаменті жоспарына енген О.Досбосинов атындағы ақындар орталығы бастаған онлайн жазба айтыс жобасы жалғасуда.

Елдегі төтенше жағдайда аталған оқу ордасындағы әдебиетсүйер жастардың шығармашылығын шінделі отыру мақсатында басталған

онлайн айтыс сәуірдің алғашқы аптасында қайым айтыс жанрында басталған болатын. Айға жуық уақыт

СҰХБАТТАР



06.05.20. AITYSKER.ORG
қонағы — Аяулым
ЖЫМАБЕКЖЕЗЫ (Алматы)
0 24 МАМ 2020



04.05.20. AITYSKER.ORG
қонағы — Қанат Мырзахан
(Жамбыл)
0 24 МАМ 2020



С. Дүйсенгазин: «Мен жеңіс
емес, жеңіліс шыңдарды»
0 6 МАРТА 2020



Р. Қайыртаулы: «Тарыдай
жетістіктің артында таудай
еңбек тұруы керек»
0 21 ДЕКАБР 2019



Бас бетке оралу > Ақпарат > «Менің пірім – Сүйінбай» халықаралық жас ақындар айтысы өтті

Ақпарат

«Менің пірім – Сүйінбай» халықаралық жас ақындар айтысы өтті

22.02.2021

614



18 ақпан күні Абей атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде ұлы ақын, қазақ ауызша поэтикалық өнерінің шебері Жамбыл Жабайұлының 175 жылдығына арналған «Менің пірім – Сүйінбай» атты халықаралық жас ақындар айтысы өтті. Трөктеу кезеңіне Қазақстан, Қырғызстан, Монғолия және Қытайдан 20 жас айтқысқыр ақын жетісті. 19 ақпан күнгі ақтық кезеңде 12 жас ақын бақ сынады.

Дүбірлі додаға, университет ректоры Тақир Балықбаев ашып, барлық қатысушыларға сәттілік тіледі. Қазақстан Республикасының Ұйымдастыру комитетінің, «Парасат» және «Құрмет» ордендерінің қамалы Жүрсін Ермақ жыл сайын өткізіліп келе жатқан жастар айтысының маңыздылығына тоқталып, бүгінгі өнер додасы халықаралық дәрежеге көтеріліп жатқаны үшін іс оқанды тілек тілек етті.

Іс-шара барысында университет ректоры айтыстың қара нары Жүрсін Ерманды 70 жылдық мерейтойымен құттықтап, университеттің дағуына қосқан үлесі үшін насихат және өспілік сыйлық табыс етті.

Шара аясында Сүйінбай Ароғұлы және Жамбыл Жабайұлы әдебиет мемориалдық мұражайтарының көрсеткісі ұйымдастырылды. Көрнекілерді ұлы ақындардың өмірі мен шыармашылығына арналған өспілік экспонаттар қойылды.

СОҢҒЫ ЖАЗБАЛАР



Гүлнұр Шығаралының атымен азық-түлік қоры ашылды
12.04.2021



Жақсар Асан «Қазақстан»-дың ғылыми әлеуетін дамыту – басты мақсаты
12.04.2021



Мірғали Аршадиев: «Жама жағалда жоғары білім беруді жамылғу»
12.04.2021



Асқар Маман: «Жастар бойынша әл сайым 2 млн аралық көме салу қажет»
12.04.2021



Жастар бойынша әл сайым 2 млн аралық көме салу қажет